

Шығыс Қазақстан мыс кешенін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 маусым N 838

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес, Ертіс мыс балқыту зауытының, Ертіс кен-байыту комбинаты мен кен орны кешенінің базасында Шығыс Қазақстан мыс кешенін құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шығыс Қазақстан облысы әкімінің "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1998 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 30-1-бабымен белгіленген жергілікті атқарушы органдар бойынша қарыз алудың жиынтық лимитінің шегінде инвестициялық аймақтық жобаларды қаржыландыру үшін мынадай к ө л е м д е :

1) "Шығыс Қазақстан мыс кешенін құру" жобасын қаржыландыру үшін 400000000 (төрт жүз миллион) теңге бөлсін;

2) "Семей қаласының жылумен жабдықтау объектілерін қалпына келтіру және коммуналдық кәсіпорындарының айналым қаражатын толықтыру" жобасын қаржыландыру үшін 100000000 (жүз миллион) теңгеге дейін заемдар тарту туралы ұсынысына келісім берілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.08.27. N 1256 қаулысымен. Р 9 9 1 2 5 6 _

2. Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігі жобаның техникалық-экономикалық сараптамасын жүргізсін және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне қорытынды ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

- 1) тартылатын заемның қаржылық шарттарына сараптаманы жүзеге асырсын;
- 2) мемлекеттік борышты басқарудың шеңберінде жергілікті атқарушы

органның заемын тіркеуді және оны тартудың, өтеудің және оған қызмет көрсетудің мониторингін қамтамасыз етсін.

4. Шығыс Қазақстан облысының әкімі:

- 1) заем қаражатының мақсатты пайдаланылуын;
- 2) жергілікті бюджеттің қаражатынан заемды өтеуді және оған қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК